

бұл қан ұюының байланысу және фосфолипидті іске қосу механизмдерінің жеделдеуі есебінен протромбиннің тромбинге айналуы мен тромбопластиннің түзілуінің белсенуімен байланысты (I және II қан ұюы).

Кілт сөздер: *Lagochilus setulosus*, гемостатикалық препаратының субстанциясы, Сетулин, қансырау уақыты, қан кету мөлшері.

Aimenova Zh.E., Eshibaev A.A.

EFFECT OF SETULIN HEMOSTATIC DRUG EXCIPIENT ON BLEEDING TIME AND QUANTITY OF HEMORRHAGE IN RATS IN COMPARISON WITH INEBRIN

Annotation

The current article presents the research outcomes on properties of Setulin hemostatic drug excipient produced on the basis of *Lagochilus setulosus* extracts. The authors investigate the effect of the given drug excipient on bleeding time and quantity of hemorrhage in rats in comparison with hemostatic preparation Inebtrin. The conducted studies revealed that Setulin hemostatic drug excipient is more effective than existential preparation Inebtrin on 25-30%. The maximum reduction of bleeding time and quantity of hemorrhage is ascertained in dose 50 mg/kg, relating to its activation in thromboplastin formation and transmutation of prothrombin in thrombin, at the expense of quickening of contact and и phospholipid releasing mechanisms of blood coagulation (I and II phases of blood coagulation).

Keywords: *Lagochilus setulosus*, hemostatic drug excipient, Setulin, bleeding time, quantity of hemorrhage.

ӘОЖ 378.147

Алашабаева Ұ.Н.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

КИІЗДЕН ЖАСАЛҒАН БӨЛШЕКТЕРДІ ТҮРЛЕНДІРУ МҮМКІНДІКТЕРІН ТАЛДАУ

Аңдатпа

Қазақ халқының өмір тіршілігіндегі жүннен жасалған бұйымдарды материалдық мұра болып қоймай, ежелгі халықтың тарихынан, тағлым-түсінігінен, эстетикалық талғамынан хабардар ету, жаңғырту болып табылады. Жүн бұйымдарды дайындау кезінде жүннің мынандай қасиеттеріне көңіл бөлінеді: бұйралығы, ұзындығы, талшықтың құрамы, серпімділігі, иілгіштігі, созылғыштығы, түсі. Жүн қалыңдығына оның барлық қасиеттері байланысты, жоғары қалыңдықтағы жүн ұзындығы мен қалыңдығы жағынан біркелкілікке, жоғары серпімділікке, ұзу жүктемелілігіне, созылғыштыққа ие. Біркелкі қалың жүннің бағалы қасиеті - одан біртегіс талшық алынуында. Жүн талшықтарының қасиеттері мен құрылымы жүннің сапасына байланысты болады.

Кілт сөздер: жүн, киіз, инновация, дизайн, түрлендіру, маркетинг, сән, физикалық қасиеттері, бұйым.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бекіткен «Мәдени мұра» бағдарламасының басты міндеттері ретінде «...қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеу бүгінгі күннің негізгі мақсаттарының

бірі» деп атап көрсетті. Елдегі жоғары оқу орындары әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енуге ұмтылулары керек, яғни негізгі міндеттердің бірі болып елде әлемдік стандарт деңгейінде сапалы білім беру қойылған, өйткені әрбір мемлекеттің әл-ауқаты, оның болашақта әлемдегі дамуы мен мойындалуы халықтың білімділігіне, көбінесе, өсіп келе жатқан ұрпақтың білімділігіне негізделген [1].

Қазіргі өнеркәсіп жүннен басқа мақта, зығыр, кендір, жүт, кенеп және басқа да өсімдік текті талшықтарды, сондай-ақ химия өнеркәсібі жасап шығаратын жасанды және синтетикалық талшықтарды пайдаланады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Маркетинг және сән теориясы саласының сарапшылары оңтайлы шешімдер қабылдау және ассортименті жоспарлау мақсатында сән және қадамдар циклдарының ұзақтығын анықтауға жиі жүгінеді. Осылайша сән циклі бірнеше қадамдарға бөлінеді:

- сән әуелетін ашу,
- оның бастапқы ашушылар мен пайдаланушылар арқасында өрлеуі;
- «labelling» атауын алуы;
- таралу;
- айрықшалығын жоғалту [2].

Архипова Л.В. сән циклін бес деңгейге бөледі: пайда болу, таралу, «шың», тұрақтандыру және құлдырау [3].

Уоссон Ч. маркетинг теориясында негізінен қаралатын өнімнің өмірлік циклінің сегіз кезеңін атап көрсетеді: 1) тұтынушының орындалмаған қалауының кешенін орындау мүмкіндігінің байланыс жиынтығы; 2) өнімнің дамуының инкубациялық кезеңі; 3) өнімді енгізу және нарықты қалыптастыру; 4) жылдам өсу мерзімі; 5) жетілу – қызу бәсекелестік; 6) тұрақтылық пен қанықтық; 7) құлдырау; 8) жабылу және айырбастау [4].

Сәндік циклдің ұзақтығы мен оның жеке фазаларындағы тауарларды тұтынуы әлеуметтік дамуы қарқынына және ырғағына, моральдық тозу мен сән стандарттарының ескіруіне, қоғамның инновациялық әлеуетіне, әлеуметтік-экономикалық құрылымдарының икемділігі мен динамизм қарқындылығына байланысты. Өнеркәсібі дамыған елдердің жалпы үрдісі – тауарлардың өмірлік циклін азайту, физикалық қасиеттерінің тозуын жеделдету, ірі кәсіпорындар коммерциялық себептер мен мақсаттар үшін жасанды түрде өнімнің моральдық тозуын баяулатады, сыртқы пішінін әдемі және тартымды етіп жасайды, ең қымбат материалдардан жасаса да, салыстырмалы түрде бағасын арзандатады, техникалық және моральдық жағынан мінсіз етіп, функционалдық қызметтерін қанағаттандыратындай етіп өндіреді [5].

Зерттеу нәтижелері мен талдау

Сәннің циклдік режимі оны болжауға мүмкіндік береді. Болжау – болашақта объектінің және оларды жүзеге асырудың балама жолдары мен шарттарын жүзеге асыру ықтималдылығы туралы ғылыми негізделген шешім. Болжам түрлері уақыт бойынша ерекшеленеді: жедел (1 айға), қысқа мерзімді (1 айдан 1 жылға дейін), орта мерзімді (1 жылдан 5 жылға дейін), ұзақ мерзімді (5 жылдан 15 жылға дейін), кеш мерзімді (15 жылдан аса). Болжау сән индустриясының қажеттіліктерінен туындаған: өндіріс көлемін жоспарлау, жаңа сәнді үлгілердің және технологиялардың пайда болуын ескеру, жаңа конструкцияларды әзірлеу. Сән жинақтары кемінде алты ай бұрын көрсетіледі, мезгілінен бір жыл бұрын жасалынады, бұл сән үлгілерін бір немесе одан да көп уақыт алдыға болжау мүмкіндігін қажет етеді.

Костюмнің геометриялық пішінінің өзгеруі, бөлшектерінің пропорционалдық қарым-қатынасы көлемді қалып қалыптастыру, түрлендіру болуы мүмкін. Қазіргі заманғы технологиялар жүнді жылдың кез-келген уақытында, шағын орында және аз ғана шығын шығарып жасауға мүмкіндік береді. Киізден бұйым жасауда дымқыл және құрғақ әдістері деп аталатын бірнеше жолдары бар. Құрғақ әдісі қолданысқа соңғы жылдары ғана ене


бастады. Ол жазық заттарды да, жұмыр көлемі бар заттарды да жасауға мүмкіндік береді. Онда арнайы инелер қолданылады. Бірімен бірін үйлестіре қолданғанда олар шығармашылық үшін шектеусіз мүмкіндік туғызады.

Киім дизайн үлгісін жобалау кезінде бастапқы эскиз нобайын және техникалық сипаттамаларын, құжаттарын әзірлеу керек. Үлгіні жобалау кезінде ерекше дизайн компонент жиынтығын, модельдік конструкциясының сызбасын және түрлендіруді қажет етеді (сурет 1).

Жүннен жасалған бұйым бөлшектерін төмендегілер көмегімен түрлендіруге болады [6]:

- әр түрлі түстерді пайдалану арқылы фактураны, суретті, сондай – ақ құрамы бір материалдар композициясын бір пішінде қолданады;
- әр түрлі беттік сәндік безендірулерді қолдану (кесте, аппликация, перфорация, сергіту, әшекейлеу, инемен тығыздау), түрлі фурнитура, геральдикаларды пайдалану;
- бұйымның негізгі әрлеу бөлшектеріне – қалта, клапан, белдік, манжет, бант, иініш тігуге болады.

Сәндік әрлеу болмаған базалық немесе бұрын сақталған моделін енгізу үшін, сонымен қатар қосымша материалдарды қолданғанда безендірудің жаңа түрін немесе ұқсас түрлерге өзгеріс енгізу арқылы жаңа тәжірибелі үлгі дайындау қажет.



Сурет 2 – Бұйым бөлшектерін жобалау схемасы

Киіз бөлшектерін тұтас беті мен аймағындағы қосымша материалдарды қолданған жүн талшықтардың көмегімен аймақтық қасиеті бар жүн талшықтарын өндіруге мүмкіншілік туады.

Конструкциялық негізін сақтай отырып базалық үлгісін ескерсек, көлемін өзгертуге болады, киізден жасалған үлгілердің ұзындығын, киімнің төменгі сызық конфигурациясының жоғарғы бөлігін сақтау негізінде киімді әртүрлі етіп шығаруға болады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазақ халқының қолөнер түрі өте көп. Соның бір ғана түрі жүннен жасалған бұйымдарды түрлендіру өнерін тілге тиек ете отырып, шығармашылық арқылы осы жобада зерделедік. Болашақ Қазақстан қолөнерін дамытудың бірден-бір бастар жолы екеніне толық сенімдемін. Жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелейді. Заманауи эксклюзивті – дизайнерлік киімдерді шетелдерге танытуда, инновациялық - компьютерлік жаңа бағдарламаларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Халқымыздың күні бүгінге дейін үзілмей келе жатқан дәстүрлі жүннен жасалған бұйымдарды сәндік жаңғырту, жандандыру.

Әдебиеттер

1. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы // Қазақстан Республикасының президенті мен Қазақстан Республикасы Үкім актілер жинағы. – Астана, 2004. – № 2. – Б. 5-6
2. *Кокарева И.А.* Живописный войлок: Техника. Приемы. Изделия: Энциклопедия; АСТ-Пресс 2011, 120 с.
3. *Гусев А.П., Сергеев А.П.* Технология валяльно-войлочного производства. Москва: Легпромбытиздат, 1988 г. ,416 с.
4. *Барабанов Г.Л., Бершев Е.Н., Смирнов Г.П., Тюменев Ю.Я.* Физико-механические способы производства нетканых материалов и валяльно-войлочных изделий. Москва: Легпромбытиздат, 1994 г , 456 с.
5. *Понсар А.Б., Бастов А.* Из истории технологии валяльно-войлочных материалов.// Текстильная промышленность, 2005г №12 стр. 65.
6. *Асанова Б.А.* Казахский художественный войлок как феномен кочевой культуры. Автореф. дисс. ... канд. искусств: 07.00.04. - Алматы, 2009г

Алашабаева У.Н.

АНАЛИЗ ВОЗМОЖНОСТЕЙ МОДИФИКАЦИИ ВОЙЛОЧНЫХ ДЕТАЛЕЙ

Аннотация

Изготовление деталей одежды формованием является одним из перспективных направлений развития технологии швейных изделий. Особый интерес представляет создание промышленной технологии формования войлочных деталей непосредственно из волокнистого сырья, минуя стадию изготовления материала. Изделия из войлока дают возможность не только обеспечивать уникальные теплозащитные и гигиенические свойства одежды, но и получать интересные декоративные эффекты.

Расширение области применения войлочной одежды сдерживается необходимостью проектирования свойств материала и изготовления большого числа плоских и объемных шаблонов при выпуске новых моделей.

Поэтому представляет интерес возможность расширения ассортимента войлочной одежды за счет использования модифицированных деталей. Модификация дает возможность частичного изменения объемной формы детали, структуры и состава войлока, что подразумевает лишь незначительную доработку конструкции и технологии и сужает задачу проектирования материалов.

Целесообразность применения для модификации войлочных деталей комбинаторного метода определяется тем, что новое изделие можно получить при сочетании ограниченного набора частей объемного шаблона, основных и дополнительных материалов, приемов формообразования и декорирования.

Ключевые слова: шерсть, войлок, инновация, дизайн, модификация, маркетинг, мода, физические свойства, одежда.

Alashabaeva U.N.

ANALYSIS POSSIBLE MODIFICATIONS FELT PARTS

Annotation

Production of details of clothing molding is one of the promising areas of technology of garments. Of particular interest is the development of industrial technology molding of felt pieces directly from fibrous materials, bypassing the stage of manufacturing the material. Products made of felt make it possible not only to provide a unique heat-shielding properties of clothing and hygiene, but also get interesting decorative effects.

Extension of the clothes felt constrained by the need to design the material properties and manufacturing a large number of flat and three-dimensional patterns with the release of new models. The modification makes it possible to partially change the shape of the part volume, structure and composition of the felt, which involves only a minor revision of design and technology, and narrows the task of designing materials. The expediency of application for modification of felt parts of the combinatorial method is determined by the fact that a new product can be obtained with a combination of a limited number of parts surround the pattern of basic and additional materials, methods of shaping and decorating.

Keywords: wool, thick felt, innovation, design, modification, marketing, fashion, physical properties, clothing.

ӘОЖ 619.616.929.1

Бегембекова А.К., Абдыбекова А.М.

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті,
«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринариялық институты» ЖШС, Алматы қ.*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕЙБІР Өңірлеріндегі мал эхинококкозының ЭПИЗООТОЛОГИЯСЫ

Аннотация

Қазақстанның батыс және оңтүстік өңірлерінде ауылшаруашылығы малдарының эхинококкозына эпизоотиялық мониторинг жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша Алматы облысы, Жамбыл облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы өңірлерінде эхинококк цисталарымен залалданған мал үлесінің көрсеткіші жоғары, ірі қара малдар арасында, тиісінше, 30,4%, 57,5%, 30,4%, қойлар арасында – 20%, 70%, 66,6% және ешкілерде 20,2% деңгейінде белгілі болды. Жалпы ауылшаруашылығы малдарының эхинококкозбен залалдануының ең жоғарғы көрсеткіші Оңтүстік Қазақстан облысында екені анықталды.

Кілт сөздер: эхинококкоз, циста, ірі қара мал, қой, ешкі, гельминтология, инвазия.